

века: межгосударственные и межнациональные отношения». – Алматы, 2001, 15-16 мамыр. – Алматы, 2001. – 173-178-бб.

5. Артықбаев Ж.О. Қазақ тарихының даулы мәселелері. // Қазақ тарихы №2 (107), наурыз-сәуір, 2011.

6. Елешова З.Е. ХҮ-ХҮІІ ғғ. қазақ тарихы (фольклорлық нұсқасы): Монография.-Астана: «Тұран-Астана», 2007.-154 б.

7. Ауыз әдебиеті // <http://kk.wikipedia.org/wiki/>

8. Халық ауыз әдебиеті // <http://kaz.osh-18.kz/teaching-literature/93-haly-auyz-debiet.html>

9. Рысбеков Б.Т. Ә. Қоңыратбаев – қазақ фольклорын зерттеуші // №1 (37) 2005
Филология сериясы. Қантар-ақпан-наурыз.

10. Берлібаев Б.Т. Абай және ауызша тарих айту дәстүрі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2006. – № 3 (11). – 56-59-бб.

ХАЛЫҚ МЕДИЦИНАСЫНДАҒЫ СЫНЫҚШЫЛАРДЫҢ ҚОЛДАҒАН ЕМДЕУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Сатимова Д.Қ.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а. Н. Сармурзина

E-mail: nagima0107@mail.ru

Атырау қ.

Жұмысымыз қазақ этнографиясындағы халықтық дәстүрлі медицинасының тарихы мен этнографиялық ерекшеліктеріне арналады.

Этномәдени мұраларымыздың бір саласы – халық медицинасының тарихын және халық медицинасы өкілдерінің қызметін саралау, этнографиялық ерекшеліктерін сараптау, олардың қазақ қоғамындағы орынын зерттеу басты міндетіміз болмақ. Себебі, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында елімізде халық емшілері көбейген тұста, жалпы бұхара халық жаппай халық емшілерінің қызметіне жүгінгендігі белгілі. Оның бірі шын ата-бабасынан берілген, бойына қасиет біткен емші болса, екіншілері жай ғана күнкөрістің қамымен өздерін емшілердің қатарына қосқан «халық емшілері» еді. Кейінгі кездердегі «Сары әулие», «Ақ тырна» сынды көптеген халық емшілерінің ұйымдарының ашылуымен халық санасын одан әрі улау іске асты. Содан да болар ел арасында халық медицинасына теріс көзқарас қалыптасып, оған деген құрмет аяқасты етілді. 1997 жылы 7 шілдеде Н.Ә. Назарбаев қол қойған «Азаматтардың денсаулығын қорғау туралы»[1] Заңына сәйкес халық емшілерінің қызметі алғаш рет бір жүйеге келтірілді. Осыған байланысты қазақ жеріндегі мәдени, рухани мұрасы халық медицинасының тарихын зерттеу және оны этнографиялық тұрғыда қарастыру күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Ерте заманнан бері кең даланы еркін жайлап, мал баққан, аң аулаған қазақ халқы мал сүйектеріне қарай отырып, адам сүйектерінің де өзара байланысу ерекшеліктерін, мәселен білек пен балтыр (әрбіреуі) қос сүйектен тұратынын, буындар сіңір арқылы байланысатынын, оларды сіңір қалташықтар қаптағанын, тізе буында айқыш-ұйқыш сіңірлер, ал ұршық буында іштей орналасқан сіңір бар екенін жақсы білген [2,11].

Негізінде, сынықшылар ұзақ жылдар бойы сынған малдың сүйектерін орнына салып тәжірибе жинақтаған, тек содан кейін ғана адам емдеуге кіріскен. Кей сынықшылар он сегіз жыл бойына жануарлардың сынығын салып тәжірибе жинақтаған [3, 45 б.].

Сынықшылар өздерінің алғашқы тәжірибелерін малға жасаған. Сынықшалар алдымен денеден ағып жатқан қанды тоқтатуға әрекет жасап, ол үшін сынған жердің жоғары-төмен

жағынан байлап тастау шарасын жасаған. Жараны тұзды сумен жуып, күйдірілген қаз, жылқы, ешкі майымен сылап сипайтын. Бұзылған сынықты, шыққан буынды салу үшін сынықшы қолын күйдірілген маймен майлап алып, сау жерінен бастап терісінің сыртынан сипалай отырып, жарақаттанған жерді байқап көреді. Ондағы мақсат жарақаттанған немесе шыққан буынды, сынықтың қанша дәрежеде бұзылғанын алдын-ала анықтау. Сынықшылар сынықты жинап салудың бірнеше тәсілін меңгерген. Әр сынықтың ерекшелігіне қарай икемді әдіс бойынша әрекет жасайтын болған. Жарақатқа ұшыраған сынықты аса сезімталдықпен жинастыруға тырысқан. Сүйекті жинастыру кезінде сынықтың бір бөлігі жиналмай қалып қойса, әлгі жер тез арада іріңдейтінін біліп, есте ұстаған. Сынықшылар сынған сүйекті немесе шыққан буынды салуда алдымен қолдарын жылқының майымен майлап алған. Содан кейін тері мен бұлшық етті барынша босаңсытып, ауырсынуды басу үшін массаж жасай отырып, сынықтың немесе шыққан буынның бағытын анықтап отырған. Осындай массаждан кейін ғана сынған бөліктерді біріктіруге көшкен.

Сынықшылар сынық салуда адамның ауырсыну сезімін басатын дәрілер қолданбаған. Олар сүйек сынықтарын жымдастырып, өз орындарына қойған сәттерде науқас адамның ауырсыну сезімі «таза» болуға тиіс деп санаған. Егер сүйек сынықтары өз орындарына түсіп, жымдасқан болса, науқас адамның ауырсыну сезімі басылып тыныштанады, ал керісінше, сүйек сынықтары орындарына түспесе ол мазасызданып, қозғала алмай қалады, қозғалса да қатты қиналып, ауырсынады [4,96 б.].

Сынықшылар жабық сынықты да, ашық сынықты да бекіту үшін сынған жерді айналдыра жұмсақ шүберекпен, оның сыртынан түйенің шудасын, не қойдың жабағысын орап, жіңішке жіппен айналдыра шандиды да, сыртынан сынық бекітетін құралмен бекітеді. Осылайша сынық бекігенше бірнеше рет қайталанады. Сынық бекітетін құралды жасау үшін белгілі мөлшерде киіз кесіп сыртынан жұмсақ шүберекпен тыстайды да, ұзыннан төрт жерден ағаш қойып, ағашты киізге бекітіп, бау тағады [5,21 б.]. Сынықшылардың сынық салуда арнайы қолданатын аспаптары болады. Сынық бекітетін құрал әркімге керек кезінде ғана жарақатына қарай арнайы жасалынады да, сынық әбден бекіген кезде өртеп жіберіледі. Сынық бекітетін құралды алдын-ала жасамайды. Сынықшылар әдетте сынған аяқты (қолды) бинт тәрізді жұмсақ матамен орайды да, түйе жүнінен не қой жүнінен сырылған таңғышпен таңып тастайды, ең соңында аяққа ағаш қалақ (шина) салады. Содан кейін қаныққан тұзды су әзірлейді де, оны ыстықтай таңғыштың (50°-60°) үстіне күніне бірнеше рет құйып отырады. Су құю 3-4 күннен кейін қайталанады. Мұның нәтижесінде сынған аяқ ұдайы жылуда болады, содан соң оның ісігі қайтады. Ал жүн таңғыш сынған аяқты қалыпқа салғандай қаусырып бітіп келе жатқан сүйекті қысып нығыздайды, ол сынықтың жымдаса кірігуін қамтамасыз етеді [6, 16 б.].

Сынық салудың тағы бір тәсілі ел арасында кеңінен танымал. Бұл тәсіл бойынша сынықшылар гипс орынына негізінен қолдан жасаған гипсті пайдаланады. Олар бір апта өткен соң, шыбықты алып тастап, сынықты барлап, дұрыс құрастырылғанына көз жеткізеді. Сынықты қайтадан байламас бұрын оның үстіне жұмыртқаның уызы мен тарының сөгі араласқан қоспаны жағып тастайды. Келесі аптада жылқының немесе қаздың майына жүгері ұнын араластырып сылайды. Бұл қоспалар сүйек арасындағы, тері астындағы жиналған керексіз заттарды сорып алады да, сүйектің бітуіне оң әсер етеді.

Сынықшылар ашық сынықтың сынған жеріне сынық тез арада бітуі үшін жараның арасына жылқының кескен етін салып таңып, қашан жазылғанша қайталап отыратын. Бұлайша сынық салуды «Білте қою» деп атаған.

Халық арасында танымал болған сынықшылардың бәрі дерлік гипс қолдануға қарсы. Олардың ойынша, гипс сынған аяқтың қан айналысын нашарлатып, сүйектің бітуін кешеуілдетеді, мұның салдарынан буынның бүгіліп-жазылуы бұрынғыдай толық өз қалпына келмеуі мүмкін. Сондай-ақ гипс сүйек сынықтарының қабысуын, бітуін (кірігуін) қадағалап отыруға мүмкіндік бермейді.

Сылап – сипап-ақ сынықты салатын, қолы дуалы сынықшылар қандай да болмасын сыныққа салынған гипс сүйек әбден бітті-ау деген кезде, яғни 40-50 күнде бірақ алынады. Бұл

уақыт ішінде сүйек дұрыс бітпейді, немесе сол маңайдың тамырлары жаншылып, солып қалуы мүмкін. Адамның мүгедек болып қалуы міне, осыдан келіп шығады деп түсінген [2, 6 б.].

Сынықшылар сынықтың біту процесін келесідегідей рет бойынша іске асады деп түсінген: алдымен сынған орынға қан ұялайды, ол бірнеше күннен соң сарысуға айналады. Сары су 7-10 күннің ішінде сүйектерді біріктіруші шеміршекке айналады. Шеміршек тек бір жылдан кейін ғана толық сүйекке айналады.

Барлық сынықшылар сынықтың тез әрі дұрыс бітуі үшін жақсы тамақтануды, массаж жасауды және жылы киінуді ұсынған.

Дұрыс салынбай, уақыт өте келе бітіп кеткен сынықты қайта бұзып салу үшін сынықшылар жылқы немесе қаз майын жағып, сүйекке әбден сіңген, ара жігі ажыраған кезде ғана іске кірісетін. Сынықтың тез арада бітуі үшін сынған жерді үсіп кетуден, ауыр зат көтеруден абай болуын ескерткен. Қазақ сынықшыларының түсінігінде сынық адамның жасына қарай бітеді деп саналады.

Қазақ сынықшылары сынықтарды мынадай түрлерге бөлген:

1. Жарықшақ сынық. Егер сүйек шорт сынбай немесе айқасып сынбай тек жарықшақтанып сынған болса олар жарықшақ сынық делінеді. Мұндай сынықты тартып созбай, тұзды суға матаны малып таңып тастаған. Жеті күннен кейін қайта босатып, сынған жерді сорботқамен жуып бостау етіп қайтадан орап тастаған. Әдетте мұндай сынықтар дәл осылай екі орағаннан-ақ бітіп кеткен.

2. Шорт сынық. Егер сүйек жарықшақтанбай, айқасып сынбай, екі жаққа үзіліп сынған болса, онда оны шорт сынық деп атаған. Оны салуды халық емшілері келесідегідей әдіспен іске асырған. Алдымен сынған сүйекті қатты тартып отырып орнына салып, содан кейін сыртынан ерсілі-қарсылы орап қатты етіп байлайды. Оны ерсілі-қарсы байламаса, онда сүйек бір жағына қарай ығысып кететін болған. Одан кейін сынған сүйектен артығырақ тақтай дайындап, төрт жағынан тақтаймен қоршап сыртынан орап тастайды. Таңғанда сынған сүйекті сау сүйектен оздырыңқырай, артықтау таңады. Мәселен, қол сынса, екі қолды теңестіргенде сынған қол сау қолдан бір елідей артығырақ болып шығуы керек. Осылай байланғанда ол біте келе теңесіп кететін болған. Сынықты саларда сүйегі сынған адамды екінші бір адам белінен ұстап қатты тартып отырып, салаған кезде, сіңір созылмай, сүйектің арасына ет қысылып қалмай жақсы бітіп, жазылатын болады. Мұндайда алғашқы таңу 10 күндік мерзімге таңылса, екінші кезеңде босаңдау етіп қайта таңатын болған. Нәтижесінде, осындай екі рет таңудан кейін сынық та жазылатын болған.

3. Айқаспа сынық. Сынған сүйек үстіне немесе астына айқаса сынса мұны айқаспа сынық деп атаған. Оны қолмен ұстап екі жағынан тартып отырып орнына түсіреді. Онан соң ерсілі-қарсылы айқастыра орайды да сыртынан тақтайды қойып қатты таңып тастайды. Олай болмағанда орынан қозғалып кетеді. Бұл гипстің орнына жүреді. Тура осы байланған қалпында 10 күндей тұрады. Егер сынықтың екі жағы сыздап ісінген болса, онда оның орнына түкендігі. Он күн дегенде сүйек біте бастайды. Он күннен соң, шешіп, тұзды сумен жуып, сорботқамен орап босаңдау етіп қайтадан таңып тастайды. Егер аяқ сынып, және оны дәл осы тәсілмен таңғанда аяқтың басы істемесе, онда сүйектің орнына түспегендігі. Міне осындай жағдайда сынықшылар қаздың немесе жылқының майымен майлап отырып сынықты қайта бұзатын болған. Содан соң дәл жаңағы әдіс бойынша қайтадан байлаған. Егер алғашқы орау сәтті болса, екінші рет таңғанда ісік қайтып жақсара беретін болған. Егер жас адамның сүйегі сынған болса, онда ол тез бітеді. Сондықтан да сынықтың бітуі адам жасына байланысты балған.

4. Бұғана сынығы. Бұғана сынғанда көбірек бұғананың басы ішіне қарай кіре сынады. Ол үшін алдымен бұғана сынған жақтағы қолтықтан көтеріп, тіреуіш қойып барып қана салатын болған. Содан соң кеуде мен жауырыннан тақтай қойыпмықтап таңып тастаған. Адамның мойыны сынған бұғана жаққа қаратылып, бұғананың басы ажыратылып кетпейтіндей етіп таңылады. Адам сол отырған кейпінде тік отырып ұйықтайды. Дәл осылайша он күн отырып, белгіленген шарттарды дұрыс сақтайтын болса, бұғана орнына дәл түсіп бітетін болған. Негізінде кез-келген сынықтың бекуі ол адам жасымен есептелген.

Егер сынық қатты ауыртып шыдатпаған жағдайда сынықшылар ауырды басу мақсатында, үкі еті мен жылан етін қайнатып беріп отырған. Себебі олар ауырғанды басып, сүйектің бітуін тездетеді. Сынықты бекіткеннен кейін сары май, жылқы еті, қошқар немесе текенің етін, аңның етін жеуге тиым салған. Бұл еттер қанды ысытып сүйектің бітуіне зиянын тигізетін болған. Егер сынық теріс салынып, қисық бітер болса, оны жылқы, түйе, қаз майымен, қойдың құйрық майы сияқты жібітетін майлардың біреуімен сыртынан жағып, сары май жегізген. Бір апта осылай істеп, сүйекті былқылдатып жібіткен, содан соң түзулеп қайта салған.

Буынның шығуын сынықшылар да оташылар да емдей береді. Енді осы буынның шығуына және оны салудың жолдарына тоқталайық. Адам денесінің буындарының барлығы дерлік шығуы мүмкін. Оларға жекелей тоқтала кетсек:

Жақ сүйегінің шығуы. Жақ сүйегі көп жағдайда қатты күлгеннен немесе қатты есінегенне болады. Жақ сүйегі шыққан адамның тілі салақтап, тамақты жұта алмайтындай дәрежеге жетеді. Сынықшылар жақ сүйегін салуда келесідегідей әдісті қолданған: орамалды суға салып сығып тастап иекті мойыннан тартып орап қояды. Одан кейін иекті орамалмен қоса ұстапсәл көтеріңкіреп келіп төмен қарай шорт басу арқылы жақ сүйегін орнына түсіреді.

Мойын сүйегінің шығуы. Қазақ халқы ат құлағында ойнап, көкпар шауып, бәйгеге қатысып өмір сүрген. Сондықтан көптеген шығулар мен сынулар осы аттан құлаудан болып отырған. Аттан жығылудан немесе төбесімен тік шаншылып түсуден мойын сүйектер ішығып кетіп отырған. Мойын сүйегі шыққанда мойны шодырайып бір жаққа қарай қисайып қалатын болған. Мұны салудың әдісін, сынықшылар келесідей жолмен іске асырған: Шодырайған жағын үстіне қаратып иыққа бір жастық, ал бас жағына бір жастық қойған. Содан кейін шодырайған жерді тіземен немесе жалаңаяқпен бір басып қалғанда күрт етіп, шодырайған жер жоғала қалса, онда шыққан жер орнына түскені болып есептелген [7, 6 б.].

Иықтың шығуы. Тоқпақ жіліктің басы жауырыннан ажырап қолтыққа кіріп кеткен жағдайда иық шығады. Мұны салудың әдісі былайша болмақ: иығы шыққан адамды шалқасынан жатқызып, содан соң, иықты орнына қайта салмақшы болған адам жалаңаяқтанып иығы шыққан адамға қарсы жатады да аяғының бақайы иығы шыққан адамныңбасын біреуге мықтап ұстатып, сынықшы иығы шыққан адамның қолын тартып тұрып бақаймен қолтықтағы тоқпақ жіліктің басын қатты итеріп қалғанда, шыққан сүйек сырт етіп орнына түседі.

Кәрі жіліктің шығуы. Кәрі жілік көп жағдайда қолымен жерді тірей құлаған кезде болады. Бұл кезде міндетті түрде сынықшыларға көрсетіп, тек солардың салуымен ғана іске асырған. Сынықшылар кәрі жілікті орнына салудың ең тиімді әдісін білген. Алдымен қолды жалаңаш ұстап, сүйектің шыққан жерінің сыртынан уқалап отырып анықтап алған. Содан соң адамның шыққан қолын тартып тұрып, оның бетіне суық суды бүркіп жібергенде, қолы шыққан адам селк етіп, қатты шошиды сол екпінімен барып, шыққан жілік орнына түсе қалған. Жілік орнына түскен соң, оны матамен таңып, мойынға асып қойған. Бас-аяғы бір жетіде буын бітіп, қалпына келген [8, 4 б.].

Тізе сүйектің шығуы. Ол жығылудан, аттың тебуінен оңай шығып кететін, жылжымалы мүшенің бірі. Шыққан тізе сүйекті орнына салу үшін, алдымен тізе сүйектің қай жаққа қарай шыққанын анықтап алған. Тек содан кейін ғана оны салуға кіріскен. Сынықшылар сүйекті салуда бір қолымен тізені уқалап отырып, енді бір қолымен қалыңдау етіп оралған матамен тізе сүйектің шыққан жағынан қағып қалу арқылы сүйекті сарт еткізіп орнына түсірген. Сынықшылар ірі қара малдың дәл осылай шыққан тізесін киіз тоқпақпен ұрып орнына түсірген.

Тобықтың шығуы. Жығылудан немесе аяқты шалыс басудан тобықтың шығып кетуі жиі кездеседі. Оны сынықшылар ең оңай салынатын шығудың түріне жатқызған. Тобықты тартып тұрып оң жағы шықса сол жағына қарай, ал сол жағы шықса оң жағына қарай бұрап қалу арқылы сырт еткізіп орнына түсірген [9, 69-50 бб.].

Сынықшылар шыққан буынды орнына салғаннан кейін, ісігі дер кезінде қайту үшін күнделікті тұзды сумен массаж жасауға кеңес берген [10, 30 б.]. Кейде буын орнына түспеген

болса, онда сынған немесе шыққан жер қатты ауырып, ол күннен күнге ісініп адамның мазасын алған. Бұндай жағдайда шыққан буынды қайтадан салған. Ал буын немесе сынған жер орнына дұрыс түскен болса, онда аурғаны тоқтап, ұйқы тынышталған.

Халық медицинасында сынық салудың осындай өте тиімді, бүгінде ұмыт бола бастаған шипалы әдістерін терең зерттеп, ғылыми медицина тәжірибесімен ұштастыру күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің бірі.

Қазақ арасындағы оташылар мен сынықшылар қай заманда болмасын елдің үлкен ықыласына ие болып отырғандығын тарих беттерінен де, күнделікті өмір тәжірибелерінен де көріп, көз жеткізудеміз. Сондықтан да осы бір қасиетті өнердің жоғалып кетпеуіне баса назар аударып, керісінше оны ары қарай жетілдіріп дамытуға ықпал етуге тиістіміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» - 1997 жылғы 7 шілдедегі ҚР Заңы.
2. Жакупова М.А. Народная медицина: вчера и сегодня // Фармацевтический вестник. - 24-декабрь. - 1998. - С. 4.
3. Шарманов Т. Очерки по истории народной медицины Казахстана. — Алматы, 1978.— С.202.
4. Әбдіраман Ө. Қазақтың қара емдері — Алматы, 1999.—172 б.
5. Әбдіраман Ө. Қазақтың дәстүрлі халық емшілігі.—Алматы: Қазақпарат, — 2002.- 160
6. Қуанышбекқызы Ж. Сынықшы // «Егемен Қазақстан», 2005. - 28 -қыркүйек.
7. Дәулетұлы Б., Айғалиұлы Е. Сынықшы деген бір сикыр //«Ана тілі», 2003. 23 - қаңтар. - 6 б.
8. Ержанова М. Сынықшылықтың да сыры көп //«Заң газеті» 19-сәуір, 2007.
9. Ақыпбеков Ө. Халық емінің күдіреті: Қайнар.—Алматы, 1993.— 287 б.
10. АрғынбаевХ. О народной медицине у казахов //Культура кочевников на рубеже веков (XIX - XX -XXI вв). Проблемы генезиса и трансформации — Алматы, 1995. — С.125.

ИСТОРИОГРАФИЯ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ РАННИХ КЫПЧАКОВ

Сеитов Е.К., Хабдулина М.К.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,

E-mail: esitrov@mail.ru; mk_khabdulina@mail.ru

г. Астана.

Статья подготовлена в рамках реализации грантового финансирования научного проекта Комитета науки МОН РК АР09261134 «Пространственная планировка и архитектура культовых мемориалов сакской знати Терисаккан-Есильского региона»

Кыпчаки – тюркоязычный этнос, обитавший в X-XII в. на огромной территории от Алтая и Иртыша на востоке до Южного Урала и Волги на западе, от Кулундинских степей на севере, до озера Балхаш и Джунгарского Алатау на юге. В XI в. Кыпчакское ханство расширило свои южные границы, присоединив к себе земли в среднем и нижнем течении Сырдарьи, степи Приаралья и Прикаспия. Представители кыпчакской знати стали правителями присырдарьинских городов. Земли между Алтаем и Волгой, будучи местами исторически укоренившихся маршрутов кочевков кыпчаков, называли Кыпчакской степью (Дешт-и-Кыпчак).

Кыпчаки составили основу этнического состава казахского народа. Их язык, традиции и обычаи распространились на другие племена. Кыпчаки были самым крупным племенем в Золотой орде. Коренным юртом кыпчаков до расселения их на территории западнее Иртыша были земли севернее империи Суй и Тан (VI-IX вв.). Эти столетия в истории кыпчаков относятся к ранней истории кыпчаков.